

Көлікті пайдалану және жүк қозғалысы мен тасымалдауды ұйымдастыру




ОРЫНДАҒАНДАР: 1. ЖАМБЫЛОВ Е.
2. САБЫРАЛЫ Д.
3. ҚОҚЫМБАЙ М.

Жүк және жолаушылардарды тасымалдайтын көлік түрлері:

- теміржол көлігі
- автокөлік
- әуе көлігі
- су көлігі, (теңіз, өзен)



An aerial photograph showing a railway track that curves through a lush green landscape. The track is made of dark rails and wooden sleepers, and it is surrounded by dense vegetation. In the background, there are some buildings and utility poles. The overall scene is bright and clear.

Темір жол — рельстермен жүретін жүктерді және жолаушыларды тасымалдайтын бір түрі. Темір жолдың дәлме-дәл мәні — жер бетіндегі рельстермен жабдықталған қатынас жолдары, және жөніндегі құрылыстары

ҚР-ның темір жол көлігін қайта құрылымдау бағдарламасына сай “Қазақстан темір жолы” ұлттық компаниясы АҚ өз қызметін жан-жақты дамытуға бағыт алды. Тасымал элементтерінің жаңа түрлері алынып, жаңа Поездар жасақталуда. Мысалы, “Алматы — Астана” бағыты бойынша Испанияның “Patetg Talgo” фирмасы шығарған вагондардан жасақталған “Тұлпар” Поезы қатынайды. Ол Алматыдан Астанаға дейінгі жолды 13 сағат ішінде жүріп өтеді. Темір жолдың кейбір бөліктерінде бұл Поездың жылдамдығын 160 км/сағ-пен жүруі көзделген. Қазақстанда бүгінгі күні барлығы 1913 локомотив, оның ішінде 617 электровоз, 1242 тепловоз, 54 паровоз бар. Жолаушылар вагондарының жалпы саны — 2094. Жүк вагондарының жалпы саны — 77029, оның 13263-і — жабық вагондар, 10275-і — платформалар, 28334-і — жартылай вагондар, 10399-ы — цистерналар, 1177-сі — изотерм. вагондар, ал 13581-і — вагонның өзге де түрлеріне жатады. Темір жол арқылы елімізде 2003 ж. барлығы 202,7 млн. т жүк және 17,7 млн. жолаушы тасымалданды.

Автокөлікпен тасмалдау

Негізгі артықшылығы – жоғары жылдамдығы. Автокөліктің көмегімен жүк қауырттылықтың қажетті деңгейімен «есіктен есікке дейін» жеткізіле алады. Автокөліктің негізгі кемшілігі – тасымалдаудың салыстырмалы түрдегі жоғары өзіндік құны, себебі тасымалдау құны автокөліктің максималды жүк көтерімділігі бойынша алынады. Басқа кемшіліктеріне жүкті түсірудің қауірттілігі, жүкті және автокөлікті ұрлау мүмкіндігі, төмен жүк көтерімділігі жатады.

Республиканың автомобиль паркінде 428,9 мың жүк автомобилі, 97,3 мың автобус, 3642,8 мың жеңіл автомобиль бар. Бұдан басқа республикада 82,6 мың мотокөлік, сондай-ақ 182,8 мың автомобиль тіркемелері тіркелген.

Коммерциялық тасымалдаумен айналысатын жеке кәсіпкерлердің тасымалдау көлемін бағалауды есепке алғанда, республика автокөлігімен 2012

жылы 2718,4 млн. тонна жүк тасымалданды, жүк айналымы – 132,3 млрд. ткм

құрады. 2011 жылмен салыстырғанда жүк тасымалдау көлемі 9,8% өсті, жүк айналымы 9,3% өсті. 18455,7 млн. жолаушы тасымалданған, жолаушылар айналымы – 185,2 млрд. жкм құрады.

2011 жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіштер тиісінше 11% және 12,5% өсті.

Әуе көлігі

Әуе көлігі тасымалы – ең жас, ең қымбат және ең жылдам көлікпен тасымалдау. Келешегі аса зор болып табылатын бұл жүк тасымалы қазіргі кезде жылдам да қарқынды дамуда.

Жүктерді жеткізудің бұл тәсілі өзгелеріне қарағанда ең жылдам болып табылады. Оның негізгі жетістіктері тасымал үдерісінің жылдамдығы, сондай-ақ жүктің қауіпсіздігі болып табылады. Сонымен қатар оның артықшылықтарына ұтқырлығын да жатқызуға болады, себебі жүктер ғаламшардың кез келген нүктесіне дерлік тасымалданады.

Сонымен, авиа фрахт – ең жедел және қымбат бағалы жүктерді тасымалдау немесе кейінге қалдыруға болмайтын жүктерді өзге көлік түрлері бара алмайтын жетуі қиын жерлерге жеткізу әдісі.

Жалпы республикалық жүк тасымалдаудағы әуе жүк тасымалдауы 2012 жылы 22 мың тоннаны құрады. 2011 жылмен салыстырғанда жүк тасымалдау көлемі 30,4% кеміген және жолаушылар тасымалдау көлемі тиісінше 9,2% өсті.

Теңіз көлігі.

Қасиеттері: Континент аралық тасымалдау мүмкіндігі, ұзақ арақашықтарға өзіндік құнының төмендігі, тасымалдық және өткізгіштік қабілетінің жоғарлығы. Тасымалдарға қаржы салынулардың төменділігі.

Кемшілігі: тасымалдар шектеулігі, (транзиттің ұзақтылығы, географиялық, навигациялық және ауа-райы жағдайларына тәуелділігі; Күрделі пошталық инфрақұрылым құру қажеттілігі, жүктерді қаптауға және бекітуге қатал талаптар қойылуы; жөнелту

Республиканың көлік жүйесінің жалпы көлемінде өзен көлігі үлес салмағы мардымсыз. 2012 жылы кеме жолы көлігімен 1290,7 мың тонна жүк тасымалданған, 2011 жылмен салыстырғанда 19,3% өсті. 98,8 мың жолаушы тасымалданған, бұл 2011 жылғы көлемнен 12,4% аз. Кеме жолы көлігімен республика ішінде жүк тасымалдау 1235,9 мың тоннаны (95,8%) құрады. Тасымалданған жүктің ішінде елеулі үлесті – 1055,4 мыңтоннаны (81,8%) – құрылыс материалдары құрайды. Ішкі кеме жолдарының ұзындығы 2012 жылдың аяғына 4150,9 км құрады.



Логистика - клиенттердің немесе корпорациялардың талаптарын қанағаттандыру үшін бастапқы нүкте мен жеткізу нүктелелерінің арасындағы ресурстар ағымын басқаруды білдіреді. Логистика ұғымы ақпарат, тасымалдау, мүліктеу, қоймалау, қаптамалау және қауіпсіздік сияқты құраушылардың бірлесуін қамтиды.

Логистиканың негізгі мақсаттары

Логистика көптеген [кәсіпорындардың](#) негізгі функцияларының бірі болып табылады. Логистиканың негізгі көздейтін мақсаттарын жұмыс өнімділігіне және өзіндік құнға байланысты деп шартты түрде бөлуге болады. Оларға жататындар: қысқа жеткізу мерзімі, мүліктің төмен деңгейде ұсталуы және [өндірістік](#) қуаттарды жоғарғы деңгейде пайдалану.

Логистика салалары

- Қамтамыз ету логистикасы
- Өндірістік логистика
- Тарату логистикасы
- Сатудан кейінгі (after sales) логистика
- Шығарып тастау (disposal) логистикасы

- **Қамтамыз ету логистикасы**
нарықты зерттеу, қажеттіліктерді
жоспарлау, жасау немесе сатып алу
шешімдері, тапсырыс беру және
тапсырысту бақылау сияқты
әрекеттерден тұрады.

- **Өндірістік логистика қамтамасыз ету мен тарату логистикасын біріктіреді.**

- **Тарату логистикасы** негізгі мақсаты ретінде дайын өнімдерді клиентке жеткізу болып саналады. Бұл өз кезегінде тапсырысты өңдеу, қоймалау және тасымалдаудан тұрады. Тарату логистикасының қажеті мол, өйткені өндірудің уақыты, орны және көлемі тұтыну уақыты, орны және көлемінен өзгеше.

- **Шығарып тастау (disposal)**
логистикасының негізгі функциясы болып бизнес үрдістері кезіндегі пайда болған қоқыс-қалдықтарды шығарып тастауға байланысты логистика құнын азайту, қызмет түрдерін көбейту болып есептеледі.

Қортынды

- БІЗДІҢ МЕМЛЕКЕТІМІЗ
ЛОГИСТИКАНЫҢ НЕГІЗІ ҚАЛАНЫП
КЕЛЕ ЖАТЫР, АЛАЙДА ДҮНЕ ЖУЗІНДЕ
ЛОГИСТИКА САЛАСЫНДА 88
ОРЫНДАМЫЗ . МЕМЛЕКЕТЕ НЕГІЗІ
ЛОГИСТИКАСЫН ДАМЫТУ ҮШІН
АВТОЛОГИСТИКАНЫ БАР ЖАҒДАЙДЫ
БОЛУ КЕРЕК.